



ТШО-дағы ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ

МАЗМҰНЫ

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС ТУРАЛЫ 3

ТШО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯСЫ 4-5


«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-МЕН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ 6-7

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ
САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ 8-9

ІРІ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРМЕН
СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ
ДАМУДЫ ҢНТАЛАНДЫРУ 12

КЕЛЕШЕК КЕҢЕЮ ЖОБАСЫ–ҰҢҒЫМА
ЕРНЕУІНДЕГІ ҚЫСЫМДЫ БАСҚАРУ
ЖОБАСЫ (ККЖ-ҰЕҚБЖ) АЯСЫНДА
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ 13-15





ТШО-дағы ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ

ТШО-ның ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯСЫ

ТШО-ның қазақстандық қамтуды даму стратегиясының басты аспектісі қазіргі және ықтимал жабдықтаушылармен жұмыс жасау болып табылады. Бұл олардың мұнай-газ индустриясымен ынтымақтастығын орнатуға қажетті халықаралық сапа мен стандарттарды түсіну мақсатында жүргізіледі.

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС ТУРАЛЫ



«Тенізшевройл» ЖШС (ТШО) – 1993 жылдан бастап Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан Теңіз бен Королев кеніштерінен мұнай өндірумен айналысатын әлемдегі ірі мұнай өндіруші және көмірсутегі шикізатымен жабдықтаушы болып саналады. 2008 жылы кәсіпорында негізгі қуаттарды кеңейту жобасы табысты аяқталып, өндіріске Екінші буын зауыты мен Шикі газ айдау кешені қосылды. Нәтижесінде орташа тәуліктік өндіріс көлемі 75 мың тоннадан асты (600 мың баррель). Кәсіпорын мұнайдан бөлек сұйылтылған көмірсутегі газын, бутан, пропан және күкірт өндіреді.

1993 жылы «Шеврон» корпорациясы мен жас тәуелсіз Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында бірлескен кәсіпорын ретінде құрылған ТШО бүгінгі таңда әрқайсысының өз үлесі бар компаниялардан құралған серіктес болып табылады, акционер компаниялардың үлестері төмендегідей: «Шеврон» (50%), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (20%), «ЭксонМобил Қазақстан Инк» (25%) және «ЛукАрко» (5%).

Құрылған уақыттан бері ТШО өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау бойынша өз көрсеткіштерін жоғары деңгейде ұстап келеді. Қабылданған міндеттемелер мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары принциптеріне берік кәсіпорын өндірістің экологиялық қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдылықтарын, өнеркәсіптік нормалар мен ережелерді, сондай-ақ халықаралық стандарттар талаптарын қатаң сақтау мәселелеріне бірінші кезекте назар аударуды жалғастыруда.



121
млрд АҚШ
доллары

1993 жылдан бері ТШО-ның Қазақстан Республикасына тікелей төлемдері қазақстандық қызметкерлерге төленген еңбек ақыны, отандық тауар өндірушілер мен қамтушылар өнімдері мен қызметтеріне, мемлекеттік кәсіпорындарға төлемдер мен қазақстандық серіктеске төленген дивидендтерді, сондай-ақ, мемлекеттік бюджетке аударылған салықтар мен роялтиді қосқанда 121 млрд АҚШ долларын құрады

4,3
млрд АҚШ
доллары

2017 жылдың бірінші жартысындағы Қазақстан Республикасына тікелей төлем 4,3 млрд АҚШ долларын құрады. 2016 жылы Қазақстан Республикасына тікелей төлем көлемі 4,7 млрд АҚШ долларынан асты.

22,9
млрд АҚШ
доллары

ТШО жыл сайын тауарлар мен қызметтердегі қазақстандық үлесті арттырып келеді. Егер 2002 жылы кәсіпорын отандық өндірушілерден 415 млн АҚШ долларына тауарлар мен қызметтер сатып алған болса, 2017 жылдың 1-ші жартысында бұл көрсеткіш 1 млрд АҚШ долларынан астам қаржыны құрады. 1993 жылдан бері ТШО қазақстандық тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін 22,9 млрд АҚШ долларынан астам қаражат жұмсады.

3
млрд
баррель

ТШО құрылған күннен бастап өндірілді

ТШО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ СТРАТЕГИЯСЫ

Жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретін қазақстандық тауарлар және қызметтер нарығын ұдайы дамыту компанияның үздіксіз даму стратегиясының іргетасы болып табылады және Қазақстан үшін маңызды құндылықтарды туғызады. ТШО компанияның қазақстандық қамту бойынша міндеттерін орындау үшін, тауарлар және қызметтер жабдықтаушыларына ұзақ мерзімді мүмкіндіктер туғызуы тиіс. Сол себепті, ТШО инфрақұрылымға, қазақстандық кадрларды оқыту және жұмыс орындарын ашуға қажетті инвестицияны тарту арқылы қазақстандық жабдықтаушыларды тұрақты дамытуды қолдауын жалғастыра бермек.



«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-мен ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ТШО-мен табысты ынтымақтастық құру

ТШО-ның материалдық-техникалық қамту және жергілікті нарықты дамыту бөлімдері компанияның сапа және тұтастық қағидаларына ұдайы сай келетін және бәсекеге қабілетті бағалары бар тауарлармен және қызметтермен сенімді түрде қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның жабдықтау көздері стратегиялық басқаруын және іздеуін жүзеге асырады.

ТШО қауіпсіздік мәдениеті тұрақты, жұмысы сенімді, сапалы тауарлары мен қызметтері бар, бағалары бәсекеге қабілетті, шығындарды басқару дағдысы дамыған, инновациялық бизнес-шешімдері бар, әрі тапсырыс берушіге және қазақстандық қамтуды дамытуға тұрақты бейімделген жабдықтаушылармен ынтымақтастыққа ұмтылады.

ТШО үшін іскерлік нәтижеге қол жеткізу ғана емес, сондай-ақ, біздің құндылықтарымызға сәйкес жүзеге асуы да маңызды. Біз өз жабдықтаушыларымыз осындай талаптарды ұдайы ұстанады деп күтеміз.





Жабдықтаушы- ларға қойылатын талаптар

ТШО-ға сапалы тауарлар мен қызметтер ұсынатын жабдықтаушылар төмендегідей талаптарға сай болуы керек:

- Қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша жоғары көрсеткіштер;
- Халықаралық деңгейде мойындалған сапа стандарттары мен басқару жүйелері;
- Қазақстандық қамтуды дамыту мен тұрақты өсіруге бейімділік;
- Баға бойынша бәсекеге қабілеттілік;
- Қаржылық тұрақтылық;
- Тапсырыс берушіге бейімделу;
- Инновациялық бизнес-шешімдер.

Жабдықтаушының қызығушылығын білдіруі (SEOI)

ТШО-мен жұмыс жасауға қызығушылық танытқан жабдықтаушы өз қызығушылығын (SEOI) www.tengizchevroil.kz сыртқы сайтындағы SEOI веб бағдарламасы арқылы SEOI веб нысанын жіберуге тиіс. SEOI веб бағдарламасының арқасында ТШО мен жабдықтаушылар бір платформада байланысу мүмкіндігіне ие болып, төмендегідей артықшылықтарды иеленеді:

- SEOI веб нысанын жіберу арқылы жабдықтаушылар ТШО-мен жұмыс жасауға ниетті екендіктерін білдіре алады;
- Жабдықтаушыларға ТШО SEOI веб платформасында ашылған өз SEOI профайлдарын жаңартуларына және басқаруларына мүмкіндіктер туады;
- Тауар мен қызметтердің әлеуетті жабдықтаушыларын анықтау мақсатында ТШО өкілдері кез-келген жерге баруы мүмкін.

Ескерту: Келешегі мол жабдықтаушыларды анықтау үшін ТШО «Алаш» (www.alash.kz) атты мұнай-газ өнеркәсібінің дерекқорын да қолданады.

«ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ» ЖШС-НІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

ТШО қазақстандық қамтуды үздіксіз арттыруды мақсат санайды және қазақстандық қамту бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету үшін төмендегідей шараларды жүзеге асырады:

- Жергілікті жабдықтаушыларды анықтау, дамыту және пайдалану;
- Жергілікті тауарлар және қызметтермен қамту көздерін жоспарлау және дамыту мақсатында ірі стратегиялық жабдықтаушыларды басқару;
- Халықаралық және жергілікті компаниялар арасында біріккен кәсіпорындар құруға ықпал ету.

Осындай шаралар арқасында өткен жылы төмендегі салалар бойынша жаңа, мықты қазақстандық компанияларды дамытуға қол жеткізілді:

- Құрылыс материалдары;
- Электр жабдықтары және кабельдер;
- Ақпараттық технологиялар және телекоммуникация үшін жабдықтар мен кабельдер;
- Өндіріс химикаттары;
- Кеңсе жабдықтары;
- Логистика;
- Клапандарды жөндеу және қызмет көрсету.





Аймақтармен жұмыс

ТШО-ның ҚР аймақтарымен ТШО талаптарына сай жергілікті өнім шығарушылар нарығының мүмкіндіктерін зерттеу жөніндегі келісімі бар. Қазіргі уақытта 40-тан астам компания ТШО-ның өндірістік қажеттіліктеріне сай бағалау процесінде және төмендегі аймақтарда қазақстандық қамтуды арттыру әлеуеті бар:

- **Қарағанды облысы** – клапандар;
- **Шығыс Қазақстан облысы** – клапандар;
- **Батыс Қазақстан облысы** – техникалық қызмет көрсету, клапандар, торлар;
- **Атырау облысы** – ернемектер, аралық қабаттар, екі жақты бұрандасы бар болттар, металл конструкциялары, қоршау құрылғылары, автодөнекерлеу;
- **Павлодар облысы** – химикаттар; арматуралық темір, кабельдер мен сымдар;
- **Солтүстік Қазақстан облысы** – жылу алмастырғыштар, техникалық қызмет көрсету.

ТШО жабдықтаушылардың әлеуеті мен нарық мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында аймақтарға сапарын бұрынғыша жалғастырады.

Жергіліктендіру

ТШО біріккен кәсіпорындардың құрылуын қолдау мақсатында халықаралық жабдықтаушылармен және жергілікті компаниялармен жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта кәсіпорынның күш-жігері төмендегі салаларға бағыттталып отыр:

- Техникалық қамту бойынша қызметтер;
- Құрылыс материалдарын өндірісі;
- Химикаттар;
- Фитингтер мен ернемектер өндірісі;
- Сорғыларға техникалық қызмет көрсету;
- Бекіткіш бөлшектер өндірісі.



"Арселор Миттал Ақтау" БК

2012 жылдың соңынан бастап, ККЖ-ҰЕҚБЖ мен Арселор Миттал Ақтау компаниясы Ақтау қаласындағы өз нысандарын екі қабатты ерітілмелі эпоксидті жабынды үшін қолдану мүмкіндіктерін зерттеп, қарастырды. Құбырларды жабу бойынша сынақтық тапсырыс ТШО-ның Базалық өндірісі тарапынан Жобалар бөлімінің куә болуымен беріліп, Арселор Миттал тарапынан табысты орындалып шықты. Осылайша компания аталған жұмыс көлеміне лайық деп танылды.

Одан әрі күш "Арселор Миттал" компаниясын стандарттық құбырларды қосарланған жалғау технологиясына квалификациялауға жұмылдырылды. Бұл құбырларды алаңға жеткізгеннен кейін монтаждық дәнекерлеу жұмыстарын айтарлықтай азайтар еді. Осы ретте, "Арселор Миттал" компаниясына жаңа нысан қарастырып, дәнекерлеу жұмыстары үшін мамандандырылған қосалқы мердігер пайдалануы қажет болар еді. Олар түрлі нұсқаларды қарастырып, Жоба бөліміне 4 түрлі әлеуетті қосалқы мердігерлерді ұсынды. Ұсыныстар мен ұсынылған дәнекерлеудің түрлі әдістерін техникалық талдаудан өткізгеннен кейін "Арселор Миттал" компаниясы қосалқы мердігер ретінде "КазТурбоРемонт" (Қазақстан) және Магнатек (Голландия) арасындағы біріккен кәсіпорынды таңдады.


"Арселор Миттал" компаниясына құбырларды толық жабу және қосарланған жалғау келісімшарты берілді, сонымен бірге "КазТурбоРемонт" және Магнатек компанияларына қосарланған жалғау бойынша қосалқы мердігерлік жұмысы берілді. "КазТурбоРемонт" компаниясы "Арселор Миттал Ақтау" компаниясының нысандарында қосарланған жалғау қондырғысын әзірлеуді бастады.



ЖЕТІСТІ ТАР

Заман – Мүгедектер қоғамы

«Заман» ЖШС (100% қазақстандық компания) баспа өнімдері мен арнайы киімдер (ЖСҚ, жел конустары және т.б.) шығарады. Ұйымда 20 мүгедек еңбек етеді.





ТІКТЕР ЛХЫ

«Ақбарыс» ЖШС

ТШО-да газ анықтау және сигнал беру жүйелері мен каскадтық құрылғылар кеңінен пайдаланылады. Бұл ТШО-ның барлық нысандарында адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аса маңызды.




«Ақбарыс» ЖШС 2015 жылдан бері ешбір тосын оқиғасыз ТШО-мен ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді. ТШО қолдауымен өз мүмкіндіктері мен қызметкерлер санын арттырды. Қазіргі уақытта мекеме өнім бағасы мен сапасы бойынша халықаралық жабдықтаушылармен бәсекеге қабілетті. Бұл – ТШО-ға осындай қызмет көрсетіп отырған алғашқы жергілікті компания.

Компания 2015 жылдың наурыз айында күкіртсутегіні анықтау және ЕБЗ күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті ауа тыныстау аппаратын жалға беру бойынша сынақтық шағын жұмыс көлемін алған болатын. Сол жылдан бері «Ақбарыс» ЖШС ТШО-мен келісімшартын орындауға жұмылдырылған қызметкерлер санын 6 адамнан 50 адамға дейін өсірді. Компания келісімшартты орындау үшін қызметкерлерге оқу ұйымдастырды.

Компания газ анықтау жүйелері бойынша қызмет көрсетуде ТШО-мен өзара жұмысын жалғастыруда, соның ішінде осыған ұқсас жүйелер орнатылған Келешек кеңею жобасы тәріздес күрделі жобалар үшін де қызмет көрсетіп келеді. Дәл осындай жүйені ШГА учаскесінде де енгізу жоспарланған.

ТШО-ның қазақстандық қамтуды дамыту тобы «Заман» ЖШС-мен жұмыс жүргізіп, оларға ТШО-ның стандарттары мен талаптарын түсіндірді. Мекеме ТШО талаптарын орындап, 2014 жылдан бастап жел конустарын жеткізу үшін ондаған тапсырыс алды.

Аталған ұйымға ТШО-ның бұндай қолдауы қазақстандық қамтуды дамытумен қатар қоғамның әлеуметтік осал тобына деген көмегін де көрсетеді.



КазЦентрЭлектроПровод [КЦЭП]

ТШО қолдауымен КЦЭП шетелдік өнімге баға мен сапа жағынан бәсекелес оптикалық-талшықтық кабель шығарумен айналысады. КЦЭП-тің баға ұсынысы басқа жабдықтаушылармен салыстырғанда анағұрлым төмен және ТШО талаптарына толықтай сай келеді.

КЦЭП компаниясының өнім бағалары бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық пен жабдықтауды қолдауды көздей отырып, ТШО бұл мекемеге өзінің техникалық талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Ортақ шаралардың нәтижесінде КЦЭП ТШО-ның алдын ала біліктілік процесі мен қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау тексерісінен табысты өтіп, жабдықтау жүйесіне қабылданды. ТШО-ның техникалық талаптары бойынша жүргізілген келіссөздер КЦЭП инженерлеріне жаңа білім алып, біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік берді. Сарапшылардың кеңесі арқасында өндірістік аймақтағы қауіпсіздік көрсеткіштері жақсартылды.

"Nasar Solutions" ЖШС

ТШО-ның қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша стандарттары жоғары және біз серіктестерден осы көрсеткіштерімізді көтеруге ықпал етулерін күтеміз. ТШО-ның негізгі қызмет көрсетушілерінің бірі – "Nasar Solutions" ЖШС. Бұл мекеме Жылыую ауданында қалдықтарды тазалау қызметтерін көрсетеді. Олардың қалдықтарды тазалау бойынша табысты қызметі экологиялық тұрғыда аса маңызды және ТШО-ға қауіпсіз әрі тиімді қызмет етуге ықпал етеді.

2015 жылы компания ТШО-дан көп көлемде қалдықтарыды тазалауға қабылдап, жұмысты уақытылы орындай алмады. Өндірісті оңтайландыру, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері өкілдерінің араласуымен және "Nasar Solutions" компаниясының басшылығы мен ұжымының қажырлы еңбегі арқасында аталған жүйе өнімділігі артып, ТШО-ның қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау бойынша барлық талаптары қанағаттандырылды.

"Nasar Solutions" компаниясы, сондай-ақ, құрамында күкіртсутегі бар шламды тазалау бойынша қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсартып, пластик және металл контейнерлерді өңдеу үшін құм ағыны технологиясын енгізді. Олар 2016-2017 жж. 6 мың тоннадан астам қалдықты өңдеді.



Жергілікті компаниялар әлеуетін нығайту үшін Еуропа қайту құру және даму банкімен ынтымақтастық

Қазақстанда шағын және орта бизнес субъектілерін дамытып, оларды табысты кәсіпорындарға айналдыру мақсатында 2015 жылдың қазан айында ТШО Еуропа қайта құру және даму банкімен (ЕҚҚДБ) ынтымақтастық құру жөнінде міндеттемені мойнына алды. ТШО қолданыстағы Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасының алғашқы екі жылдық мерзіміне (2015-2017 жж.) қосалқы қаражат бөлді. Бұл бағдарлама ШОБ субъектілеріне жергілікті және шетелдік кеңесшілердің шығындарды бөлу шарттары туралы кеңесін беру арқылы жобаларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. ТШО жабдықтаушылары қандай да бір ТШО-мен тікелей байланыссыз сарапшылармен бірге бағдарламаға қосылады. ТШО қолдауымен ЕҚҚДБ бизнес-клиника, семинар және халықаралық шараларға кемінде 50 жергілікті сарапшыны қабылдауды және 12 ШОБ субъектілері үшін бизнес-консультация беру жобаларының шығындарын бөлуді мақсат етіп отыр. Кәсіпорындардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін арттыру Қазақстандағы ШОБ субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға мүмкіндік беріп, олардың ТШО жабдықтаушылары қатарына ену мүмкіндігін арттырады.

Бағдарлама басталғалы бері ЕҚҚДБ қызметкерлері консультативтік жобаларды дамыту, іске асыру және аяқтау бойынша қыруар жұмыс атқарды. Есептік кезең соңындағы ахуал бойынша жобалардың жартысы ілгерілеуге қол жеткізіп, 6 жоба жергілікті консультанттар тарапынан басталса, халықаралық кеңесшілер қатысатын 1 жоба тұжырымдама дайындау кезеңінде. ШОБ инфрақұрылымын жақсарту және мақсатты топтың бағдарламаның басталғаны жөнінде хабардар болуын арттыру, ШОБ субъектілерінің қаржыға қолжеткізу, шығындарды үнемдеу, сапа басқару және қауіпсіздік тәріздес негізгі қажеттіліктерін өтеуге бағытталған түрлі консалтинг қызметтерімен танысулары, бағдарлама мен оның донорының жұртшылыққа танымалдығын арттыру мақсатында нарықты дамыту шаралары атқарылды.

2017 жылдың мамыр айында ТШО/ЕҚҚДБ біріккен бағдарламасы «Кәсіпкерлікті дамыту» номинациясында үздік бағдарлама ретінде Қазақстанның еуропалық іскерлік ассоциациясының марапатына ие болды.



ІРІ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРМЕН СЕРІКТЕСТІК НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫ ДАМУДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ

Қазақстандық қамтуды дамыту үшін айтарлықтай әлеует ТШО-ның ірі мердігерлері мен жабдықтаушыларымен байланысты. Аталмыш компаниялар ТШО-ның көптеген құндылықтарының бірі болып табылатын қазақстандық қамтуды дамыту қағидасын қолдайтындықтарынан, ТШО олармен ұзақ мерзімді стратегиялық қатынастар орнатады. Осы мақсатта жабдықтаушы мен ТШО бірлесе отырып, қазақстандық қамтуды дамыту үшін инвестициялау, жұмысқа алу, оқыту және сатып алу мәселелерін қамтитын қазақстандық қамтуды дамыту бойынша жоспар әзірлейді. Соңында ТШО аталған мақсаттарға қол жеткізу және қажет болған жағдайда түзету шараларын енгізу үшін келісімшарттың толық мерзімі ішінде мердігердің қызметіне мониторинг жүргізеді.

Келешек кеңею жобасы-Ұңғыма ернеуіндегі қысымды басқару жобасы (ККЖ-ҰЕҚБЖ) аясында қазақстандық қамтуды дамыту

ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасын жүзеге асыру жергілікті тауарлар мен қызметтерді пайдалану, қазақстандық мамандарды жұмысқа тарту, жұмысшыларды оқыту бағдарламаларын іске асыру, ел ішінде мұнай өндірудің жаңа технологиясын қолданысқа енгізу және қазақстандық кәсіпорындардың әлеуеті мен қуаттылықтарын дамыту арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына қосымша пайда әкеледі.

Жобаның басты міндеттерінің бірі - болашақта күшті әрі әлеуеті жоғары мұнай және газ өнеркәсібінің жұмысын қамтамасыз ететін мұра қалыптастыру. ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасынан қалатын мұра екі бөлімнен тұратын болады: нақты активтер және болашақ жобалар үшін білікті жұмыс күші. ККЖ-ҰЕҚБЖ жобасын жүзеге асыру Қазақстан Республикасының экономикасына төмендегідей қосымша пайда әкеледі:

- Болжам бойынша жоба аясында қазақстандық қамтуға жоба бюджетінің 32%-на тең қаржы жұмсалады;
- ҚР азаматтары үшін жалпы жоба шеңберінде

20 мың жұмыс орны ашылады (әр сала бойынша жұмыстардың шарықтау шегінде);

- Келешекке қалатын мұра:
 - Дайындықтан өткен білікті мамандар;
 - Шетелдік компаниялармен серіктестіктер құру арқылы технологиялармен алмасу;
 - Жаңа нысандар;
 - Аймақтың жаңартылған инфрақұрылымы.

ККЖ-ҰЕҚБЖ келешекте еліміздің игілігі үшін пайдалы болатын жобалау, жоғары технологиялық жабдықтарға қызмет көрсету, жобаларды басқару, құрылыс салу және модуль жасау сияқты салалардағы жаңа мүмкіндіктер



түрінде мұра қалдырады.

Жобаның қазақстандық қамту тобы әрбір әлеуетті жеткізушіні алдын-ала бағалаудан өткізіп тіркейді. Бұл процеске белгілі бір тауар және қызмет түрлеріне тапсырыс беретін және жоба талаптарының орындалуын қадағалайтын нақты бөлім қатысады. Жеткізушінің мүмкіншіліктерін бағалау өлшемдері еңбек жағдайларынан бастап, мердігер қолданатын сапаны басқару жүйесіне дейінгі кәсіпорын жұмысының барлық аспектілерін қамтиды. Бағалаудың осы кезеңінен өтіп, дерекқорға тіркелген компаниялар ТШО-ның КҚЖ-ҰЕҚБЖ шеңберіндегі тендерлеріне қатысу мүмкіндігіне ие болады.

Қазіргі таңда КҚЖ-ҰЕҚБЖ дерекқорына 1800-ден астам қазақстандық компания тіркеліп, олардың көбісі КҚЖ-ҰЕҚБЖ жобасына жобалау, сатып алу және модуль жасау бойынша қызмет көрсетеді. КҚЖ-ҰЕҚБЖ жобасы бойынша бекітілген алдын ала іріктеу және тіркеу процесіне сәйкес, КҚЖ-ҰЕҚБЖ дерекқорына тіркелгісі келетін кез-келген жабдықтаушы өз ұсыныстарын электронды пошта арқылы келесі мекенжайға жолдауы қажет: fgpinfo@tengizchevroil.com.

КҚЖ-ҰЕҚБЖ тобы қазақстандық жабдықтаушыларды жоба жұмыстарына қатысуға ынталандырып, форумдар мен семинарларды өткізу және компанияларды ТШО талаптарымен таныстыру арқылы шетелдік

және жергілікті мекемелердің қатысуымен біріккен кәсіпорындар мен серіктестіктерді құру жолындағы жұмыстарға қолдау көрсетеді. Жоба ҚҚ мәселесіне арналған бірнеше форум өткізіп, әлеуетті қазақстандық жеткізушілер өз мүмкіншіліктерін ұсынуға мүмкіндік алды.

- Қазақстанның сервистік компаниялары Одағымен жұмыстық семинар (Атырау, тамыз 2013 ж.);
- 150-ден астам қазақстандық және шетелдік компаниялардың қатысуымен өткен қазақстандық жабдықтаушылар форумы (Астана, сәуір 2014 ж.);
- 80 қазақстандық және шетелдік компаниялардың қатысуымен өткен КҚЖ-ҰЕҚБЖ құрылыс компанияларының форумы (Астана, қараша 2015 ж.);
- 180 қазақстандық және шетелдік компаниялардың қатысуымен өткен КҚЖ-ҰЕҚБЖ құрылыс мердігерлерінің форумы (Атырау, қаңтар 2017 ж.);
- 290 қазақстандық және шетелдік компаниялардың қатысуымен өткен КҚЖ-ҰЕҚБЖ жабдықтаушыларының форумы (Атырау, сәуір 2017 ж.);
- 85 қазақстандық және халықаралық компаниялардың қатысуымен өткен «Біліктілікті бағалау және кәсіби-техникалық оқыту» КҚЖ-ҰЕҚБЖ форумы.





3 МИЛЛИАРД
БАРРЕЛЬ
3 BILLION
BARRELS
2017



WWW.TENGIZCHEVROIL.KZ